

3. Қаржылық қадағалау департаменті (Бахмутова Е.Л.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдарына және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.Ғ.Сәйденовке жүктелсін.

Ұ л т т ы қ Б а н к

Төрағасы

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

келісілді

13 ақпан 2003 ж.

Қазақстан Республикасының
Ұлттық Банкі Басқармасының
"Сақтандыру шарттары бойынша
сақтанушы төлейтін (төлеген)
сақтандыру сыйлықақылары бойынша
шегерімдердің шегін белгілеу
жөніндегі нұсқаулықты бекіту
т у р а л ы "

2003 жылғы 31 қаңтардағы

№ 27 қаулысымен

бекітілген

**Сақтандыру шарттары бойынша сақтанушы төлейтін (төлеген) сақтандыру
сыйлықақылары бойынша шегерімдердің
шегін белгілеу жөніндегі**

НҰСҚАУЛЫҚ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулық "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес әзірленді және корпоративтік табыс салығын есептеу мақсаты үшін салық салынатын табысты айқындау кезінде сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақылары шегерімдерінің шегін белгілейді.

2. Осы Нұсқаулықтың күші сақтандыру ұйымымен сақтандыру шартын жасаған және Салық кодексінің талаптарына сәйкес корпорациялық табыс салығын төлеуші болып табылатын сақтанушыларға қолданылады.

2-тарау. Сақтандыру сыйлықақылары бойынша шегерімдер шегі

3. Сақтанушы автомобиль көлігін сақтандыру класы бойынша жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын мүлікті сақтандыру шарттары бойынша 100 процент, бірақ сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылатын мүліктің баланстық құнының 5 процентінен көп емес мөлшерде төленетін (төленген) сақтандыру сыйлықақыларын шегеруге құқығы бар.

4. Сақтанушы мынадай барлық:

- 1) теміржол көлігін сақтандыру;
- 2) әуе көлігін сақтандыру;
- 3) су көлігін сақтандыру;
- 4) жүктерді сақтандыру;

5) осы тармақтың 1)-4) тармақшаларында көрсетілген кластарды қоспағанда, мүлікті сақтандыру кластары бойынша жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын мүлікті сақтандыру шарттары бойынша 100 процент, бірақ сақтандыру шартында көрсетілген, сақтандырылатын мүліктің баланстық құнының 1 процентінен көп емес мөлшерде төленетін (төленген) сақтандыру сыйлықақыларын шегеруге құқығы бар.

5. Сақтанушы мынадай барлық:

- 1) кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру;
- 2) автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 3) теміржол көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 4) әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 5) су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 6) тасымалдаушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру;
- 7) шарт бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру;
- 8) осы тармақтың 1)-6) тармақшаларында көрсетілген кластарды қоспағанда, зиян келтірілгені үшін азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру кластары бойынша жылдық жиынтық табыс алу үшін пайдаланылатын мүлікті сақтандыру шарттары бойынша 100 процент, бірақ сақтанушының жылдық жиынтық табысының 1,5 процентінен көп емес мөлшерде төленетін (төленген) сақтандыру сыйлықақыларын шегеруге құқығы бар.

6. Осы Нұсқаулықтың 3-5-тармақтарында белгіленген шектеулер міндетті сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының шегерімдеріне қолданылмайды.

3-тарау. Қорытынды ережелер

7. Осы Нұсқаулықта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК